

Түркістан облысы

Төлеби ауданы

«Мәдени жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
педагог-психологы Тленчиев Меирбектің 2023-2024 оқу жылында атқарған
жылдық жұмыс есебі

Мәдени ауылы

2023-2024 оқу жылы

Мектебі: Мәдени жалпы білім беретін мектеп

Педагог – психологтың аты-жөні: Тленчиев Меирбек Қондыбайұлы

Еңбек өтімі: 17 жыл

Санаты: педагог-модератор

Жетістіктері: Аудандық білім бөлімі алғыс хаты-2023ж.

Облыстық білім басқармасы алғыс хаты-2023ж

Біліктілігін арттыру НИШ – 2020

Курстарынан өтуі: Бестерек-2023ж 20.12

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты»-23.06.2023ж

Шығармашылық тақырып: Мұғалім мен оқушы арасында жағымды психологиялық қарым-қатынас орнату

Мақсаты: Қазіргі кездегі баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына, ата-ана мен ұстаздар тәрбиесінің әдіс – тәсілдерін жетілдіре отырып, қарым-қатынас орнату

Алдағы уақытта балалардың психологиялық даму нәтижелерін бақылап отыру

Балалардың дамуындағы мәселені шешуге психологиялық көмек көрсету үшін жағдай жасау. Ата-аналармен байланысты нығайту

2023-24 оқу жылында мектебімізде 44 мұғалім ұстаздық қызмет атқарды. Техникалық персонал саны-24

1-11 сынып оқушыларының жалпы саны -322

Даярлық тобында 24 оқушы білім алды.

Ұлы -160 қызы-162

4- сыныптағы 21 оқушымен 9 сыныптағы 22 оқушымен ББЖМ бойынша мынадай жұмыстар жүргізілді

«ББЖМ –ға дайындық» «Көру. Есте сақтау қабәлеттерін анықтау» Өзінді бағалай аласың ба? Тақырыптарында тест, сауалнама алынды

ББЖМ-ға дайындалу кезінде мұғалімдерге, ата-аналарға, оқушыларға жеке кеңестер берілді

« Сенімділік кілті» «Күйзеліске жол жоқ» , «Бойдағы қорқынышты төмендету», « Біздің топтың жүрегі» , «Құрметтім саған не тілейін» атты тақырыптарда тренинг , жаттығулар өтілді

«Психологиялық тұрғыда тестке қалай дайындалу керек?» «Жүйкелік психологиялық қатаюдан , күштениуден арылы тәсілдері» , «Стрессті қалай жеңуге болады?», «Стрессті болдырмау үшін не істеу керек?» , «ББЖМ барысында өзінді қалай ұстау қажет?» деген тақырыптарда баяндамалар оқылды

11-сыныптағы 24 оқушымен ҰБТ-ға дайындық кезінде өткізілген іс-шара « ҰБТ-ның өту барысы және ережелері» «Дж Голланд» «Кәсіп тандау»,Климовтың «Менің қалуым» , «Көру ,есту арқылы есте сақтау қабілеттерін анықтау», «Стресс» , «Менің көңіл-күйім», «Өзінді бақылай аласыңба?» , «Сіз қаншалықты өз-өзіңе сенімдісіз?» атты тақырыптарда тест сауалнамалар алынды

Ата-аналардың, мұғалімдердің, оқушылардың сұраныстарымен жұмыс жасалды кеңес берілді

«Суретті аяқта да, жалғастыр», «Эксперимент», «Аааа», «Сілкіп таста», «Келесі кездескенше», «Стрессті болдырмау үшін не істеу керек?», «Мазасызданудан қалай арылуға болады?», «Адам өзіне қалай сенімді болады?», «Біздің топтың жүрегі», «Құрметтім саған не тілейін» атты тақырыптарда тренинг жаттығулар өткізілді

«Психологиялық тұрғыда тестке қалай дайындалу керек?» «Жүйкелік психологиялық қатаюдан , күштенуден арылы тәсілдері», «Стрессті болдырмау үшін не істеу керек?», Өзінді эмоциялық тұрғыда қорғаудың ережелері», Тест барысында өзінді қалай ұстау керек?» атты тақырыптарда баяндамалар оқылды

Бестерек жобасы бойынша жылдық жоспар түзіліп бекітілді. Кабинеттік талдау бойынша оқушылардың әлеуметтік жағдайының мәліметтері жинақталды.

Мектеп инспекторынан ІІБ-де есепте тұратын отбасылар мен оқушылар туралы анықтама алынды. Есепте тұратын отбасы мен оқушылар жоқ екені анықталды.

Медбике Д есебінде тұратын оқушылар туралы мәлімет алынды.

Сынып жетекшілерден оқушылардың үлгерімі тәртібі және қосымша ақпараттар туралы мәліметтер жинақталды.

Далалық зерттеу бойынша оқушылар арасында эссе жазылды. 5,6,7-сыныптар «Менің отбасым» тақырыбында, 8,9-сыныптар «Менің ең жақын досым» тақырыбында, 10,11 -сыныптар «Менің арманым» тақырыбында. Оқушылармен сауалнама жүргізілді. «Үй, ағаш адам» әдістемесі жүргізілді.

Нәтижесінде тәуекел тобына 56 оқушы енгізілді. Оның ішінде 48 оқушы жасыл деңгейде , 8 оқушы сары деңгейде анықталды. Қызыл деңгейде оқушы жоқ.

Тәуекел тобына енген оқушылармен мынадай тақырыптарда жұмыстар жүргізілді .

«Өзім туралы» сауалнама», «Мен және менің отбасым» жеке жұмыстар, « Жетістікке жету формуласы», «Баланы өмір сүруге талпындыру», « Менің кемшіліктерім мен қабілеттерім» кесте, «Мінез. Мен қандаймын?», «Менің эмоциям», «Кекілжінің денсаулыққа әсері» атты тақырыптарды тренинг өткізілді

«Біз қандаймыз» Өз-өздерін бағалай білу, «Түсіністікке үйренеміз» тілек жазу, «Ата-аналар мен балалар арасындағы қарама -қайшылықтар» пікірталас . «Мені ертең керемет келешек күтіп тұр» эссе жазу.

Сенім жәшігі бойынша бұйрық шығарылды

Төмендегі құрамда комиссия құрамы бекітілді.

Мектеп директоры: С. Стамқұлов

ДТІЖО: С. Көшербайұлы

Психолог: М. Тленчиев

Әлеуметтік педагог: А. Абжапбар

Тәлімгер: С. Бекбергенова

Сенім жәшігі әр аптаның жұмасы сағат 13-00 де ашылды. Мереке күндері оқушылар тарапынан ұстаздарына құттықтаулар түсті. Арыз-шағым, өтініш, ұсыныстар түскен жоқ.

Психолог «ADVISER» психологиялық клубының мектеп ішілік бұйрығы шығарылып , бекітілді. Іс-шара жоспары түзіліп, клуб мүшелері тағайындалды. Жұмыс жоспары бойынша «Мен және менің сезімім» 6,7 сыныптармен қазан айында әңгіме сабағы өткізілді. Қараша айында 8,9 сынып оқушыларымен «Менің құқығым» тақырыбында әңгіме сабағы өтілді. Желтоқсан айында 9,10 сынып оқушыларымен «Мен қалаған мамандық» тақырыбында кәсіби бағдар бойынша түсіндірме жұмыстары өтілді . Қаңтар айында 5-11 сынып оқушыларымен «Менің жарқын болашағым» тақырыбында тимбилдинг өтілді

2023-2024 оқу жылында Мәдени жалпы орта білім беретін мектебінде психологиялық қызметтің жылдық жоспары түзіліп, бекітілді.

Атқарылған жұмыстар

	Оқушылар	Мұғалімдер	Ата-аналар	Жалпы
Диагностикалық	20	2	3	25
Консультациялық	9	7	4	20
Дамытушылық	17	2	2	21
Психологиялық -педагогикалық ағарту	15	2	5	22
Сенім жәшігі	1	-	-	1


Диагностикалық бағыт бойынша жүргізілген жұмыстар

№	Сынып	Тақырыбы	Әдістеме	Мақсаты	Өткіз. диаг.с	Барлығы
1	1-4 сыныптар	1 Керн-Йирасек 2 Есте сақтау типін зерттеу 3 4- сынып оқушыларының психологиялық ахуалын анықтау	Тест Тест Тест	Қабылдау деңгейін анықтау Есте сақтау ерекшелігін, деңгейін анықтау Оқушылардың психологиялық жай күйін анықтау	3	3

2	5-7 сыныптар	4 «Социометрия» 5 «Менің отбасым» 6 Сауалнама 7 Үй ,адам,ағаш 8 Штур 9 Дарынды оқушылар	Сауалнама Эссе Сауалнама Тест Тест Тест	5-сынып оқушыларының бейімділігін анықтау Аутодеструктивті мінез-құлықты оқушылардың тәуекел топтарын анықтау Ақыл-ойы мен интеллектуалдық даму деңгейін анықтау Дарынды оқушыларды анықтау	6	6
3	8-9 сыныптар	10 «Менің ең жақын досым» 11 «Менің арманым» 12 Сауалнама 13 Үй,адам,ағаш 14 Жасырын сауалнама 15 Әскери қызметке шақырылуға дейінгі оқушылармен жұмыс 16 ҰБТ тапсыратын оқушылармен жұмыс 17 Д.Ж.Голланд «Кәсіп таңдау» 18 Өз агрессиянды басқара аласың ба? 19 ДДС 20 Зорлық-зомбылық туралы мен не ойлаймын	Эссе Эссе Сауалнама Тест Сауалнама Сауалнама Тест Тест Тест Тест Сауалнама Сауалнама Тест Сауалнама	Аутодеструктивті мінез-құлықты оқушылардың тәуекел топтарын анықтау Құқық бұзушылықтың алдын алу Агрессия деңгейін анықтау Танымдық қабілетін анықтау Мамандық типін анықтау Баланың қандай мамандыққа жақын екенін анықтау Бала құқыған қорғаудағы проблемаларды анықтау Темперамент типін анықтау Кәсіби лайықтылықты анықтау	11	11
4	Мұғалімдер	1 Темперамент 2 Сіз қандай мұғалімсіз ?			2	2

5	Ата-аналар	1 Баланы ата – ана тәрбиелейді. Ата-ананы кім тәрбиелейді? 2 Сіз және балаңыз бір-біріңізді түсіне аласыздар ма? 3 Сіздің балаңыздың қызығушылығы	Сауалнама Сауалнама Сауалнама	Бала тәрбиесі деңгейін анықтау Ата-ана және бала арасындағы өзара қарым -қатынасты анықтау	3 3	
---	------------	---	---	---	------------	--

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілетін анықтау мақсатында есте сақтау типтері зерттелді. 2023-24 оқу жылындағы қазан айында жүргізілген зерттеу нәтижесі



Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілетін анықтау мақсатында есте сақтау типтері зерттелді. 2023-24 оқу жылындағы мамыр айында жүргізілген зерттеу нәтижесі



Қорытынды : Оқушылардың есте сақтау түрлерінің (көру, есту , қозғалысты, көру қозғалысты) есекшеліктерін және деңгейін зерттеу нәтижесі бойынша мамыр айында өсу байқалады. Оқушылардың көру арқылы есте сақтау қабілеттері жақсы дамыған.

Психологиялық кеңес беру бағыты. Даярлық тобы мұғалімдері мен ата-аналарына даярлық тобы оқушыларынан қоршаған ортаны және кеңістікті қабылдау диагностикасы нәтижесін түсіндірдім, кеңес бердім. 5-11 сынып жетекшілеріне «Аутодеструктивті мінез-құлықты анықтау» мақсатында жүргізілген диагностика нәтижесімен таныстырып, кеңес бердім. Бестерек жобасы бойынша тәуекел тобына енген оқушыларға кеңес берілді. 5-сынып ата-аналарына балаларының орта буынға бейімделу мәселесі жөнінде 9-11 сынып ата-аналарына балаларды ББЖМ және ҰБТ-ға дайындау керектігін түсіндіріп кеңес бердім. Мектеп әкімшілігін жүргізілген диагностика нәтижесімен таныстырдым. 5-11 сынып оқушылары арасында маман иелерімен кездесу өткізілді. 11-сынып оқушыларына қорқыныш, жалқаулық, сенімсіздік бойынша кеңес берілді. Жеке оқушылармен әңгіме жүргізілді. ҰБТ-ға байланысты ұстаздар мен ата-аналарға психологиялық кеңес берілді. 11-сынып оқушыларымен «Тестте өзіңді қалай ұстау қажет?» атты тақырыпта кеңес берілді.

Дамытушылық бағыт бойынша жүргізілген жұмыстар

№	Сынып	Тақырыбы	Әдістеме	Мақсаты	Өткіз. Диаг.с	Барлығы
1	1-4 сыныптар	1 «Көтеріңкі көңіл-күй» 2 «Сәлемдесу» 3 Мейірімділік 4 Зейінді, есті, ойлауды дамыту	Тренинг Тренинг Тренинг Тренинг	Жағымды хал-ахуал қалыптастыру Танымдық қабілеттерін дамыту Сыныпта жағымды эмоциялық жағдай қалыптастыру	7	7
		5 Зейінді дамыту, қиялды дамыту 6 Екі дос 7 Осылай әділ болады	Ойын Ойын Ойын	Оқушылардың зейінің, ойлау қабілеттерін дамыту Мінездің жағымды қасиетін түсінуге бағыт беру		
2	5-7 сыныптар	8 «Менің қауіпсіз ортам» 9 Ерекше 5-сынып	Тренинг Тренинг Жаттығу	Дұрыс қарым-қатынасқа түсу мәдениетін қалыптастыру Бейімделу мәселесін алдын-алу Өмірге құштарлықтарын арттыру	4	4

		10 «Өмір сен маған қымбатсың!»		Агрессияны басқара біліге үйрену		
3	8-11 сыныптар	11 «Ашуды қалай жеңуге болады» 12 «Сенімділік кілті» 13 Бойдағы қорқынышты төмендету 14 «Өмір сен маған қымбатсың!» 15 Мен өмірді таңдаймын! 16 «Ашуды қалай жеңуге болады» 17 Қобалжу- қалыпты құбылыс	Тренинг Тренинг Тренинг Жаттығу Тренинг	Өзіне деген сенімділікті қалыптастыру Эмоциялық қобалжудан босауды үйрету Өмірге құштарлықтарын аттыру Агрессияны басқара біліге үйрену	6	6
4	Ата-аналар	«Менің отбасым» «Білім мен тәрбие егіз ұғым»	Тренинг Тренинг	Өз баласын түсіну мүмкіндіктерін кеңейту Баланы бірге тәрбиелеуге бағыт бағдар беру	2	2
5	Мұғалім	«Суреттегі ой», «Интонация» «Эмоция», «Кейпін тап»	Жаттығулар Жаттығулар	Мұғалімдердің психологиялық көңіл-күйлерін көтеру, ұжымда сыйластық қарым- қатынас орнату. Мұғалім бойында иілгіштік, әртістік техникаларын дамыту	2	2

Психологиялық-педагогикалық ағарту бағыты

№	1	Тақырыбы	Мақсаты	Барлығы
1	Оқушылармен	1 «Кибербулинг дегеніміз не? Және оның зардаптары» 2 5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі 3 ББЖМ мен ҰБТ психологиялық тұрғыда дайындау 4 Менің жарқын болашағым 5 Патриоттық тәрбие-тәрбие негізі 6 Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз! 7 Мектептегі кәсіби бағдар беру 8 Біз діни экстремизмге қарсымыз! 9 Интернет желісіндегі кері әсер ететін сайттар 10 Бақытты отбасы – балалар көзімен 11 Темекі тартқаның-өзіңді құртқаның 12 Бақытты балалық шақ 13 Маған хат жаз 14 Мамандық таңдау-келешекті таңдау 15 Емтихандағы мінез- құлық	Жасөспірім кезеңіндегі кездесетін булингтің түрлері, себептерін түсіндіру, алдын алу Сыныптың психологиялық ахуалын жақсарту Тестке психологиялық тұрғыда дайындау Мамандық туралы көзқарастарын кеңейту Балаларға патриотизм тақырыбында әңгіме жүргізу Жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстауға баулу Білімді де білікті жасөспірімдерді жан-жақты даярлау Оқушыларға экстремизм сөзі қайдан шыққанын түсіндіру Оқушыларға интернет желісіндегі кері әсер ететін сайттар жайында түсіндіру Сурет салдыру арқылы зорлық пен бақытты отбасы арасындағы айырмашылықты түсіндіру Темекінің зиянын түсіндіру Эссе жаздыру Мамандармен кездесу Емтихан кезінде өзін қалай ұстау керектігін түсіндіру	15

2	Мұғалімдермен	1 Жас мамандарға орта буын сынып жетекшілеріне өзін-өзі айқындауға психологиялық ықпал ету 2 Үлгерімі төмен оқушыларды анықтау жою жолдары	Жан жақты маман болуына көмектесу Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жасау жолдары түсіндірі	2
3	Ата-анамен	1 1-сынып оқушыларының психологиялық ерекшелігі 2 «Бала тәрбиесіне байыппен қарайық» 3 Балаңызға дайындық кезінде көмектесе аласыз ба? 4 Балаңызға мамандық таңдауға қалай көмектесу керек? 5 Аутоагрессия дегеніміз не?	1-сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктерін түсіндіру Бала тәрбиесіне байыппен қарауды үйрету Тест тапсырудың сәттілігі ата-аналарға байланысты екенін түсіндіру Мамандық таңдауға көмектесу Аутоагрессия және оның психологиялық ерекшелігін түсіндіру	5

Әлеуметтік диспетчерлік бағыт. Бұл бағыт бойынша үйде оқытылатын 8 оқушының құжаттары реттелді, мінездемелер толтырылды. Көп балалы отбасындағы балалармен жұмыс жүргізілді. Үйде оқытылатын оқушылардың таным процесстері зерттелді. Мектеп оқушыларының психологиялық дамуының жеке және толық карталары толтырылды. Жас мамандардың сабақтарына қатыса отырып, сабақта кездесетін қиындықтарды анықтап, психологиялық көмек берілді. Қыздар клубының жетекшісі Н.Маймақова жыныстық тәрбие бойынша ауылымыздың гинекологы Ш.Бажақованың қатысуымен қыздар арасында жиналыс өткізді. Ұлдар клубының жетекшісі Б.Үсіпбеков ауылымыздың фельдшері Қонысбекова Айдананың қатысуымен ұлдар арасында жиналыс өткізді. Мектебімізде әскери комиссариатқа, әскери есепке тіркелуге шақырылған 6 оқушы. Осы оқушылармен патриотизм тақырыбында әңгіме жүргізілді. Жеке психологиялық ерекшеліктері зерттеліп, мінездемелер толтырылып, аудандық әскери комиссариатқа тапсырылды. Үйде оқытылатын оқушының ата-анасы мен сынып жетекшісіне кеңес берілді. Сабақтан себепсіз қалатын оқушылар және сабақтан кешігетін оқушылармен әлеуметтік диспетчерлік жұмыс жүргізілді. 5- тік одақпен бірлескен жұмыс және мектеп инспекторымен бірлескен жұмыс жүргізілі. Құқық қорғау органдары, жасөспірім инспекциясы, ата-аналар комитетімен, әкімшілікпен үнемі байланыс жасалды. Толық емес отбасымен «Бақытты болу өз қолымызда» атты тақырыпта жаттығу өткізілді.

Қорытынды: Жалпы атқарылған жұмыстарды қорытындылай келе келешек ұрпағымыздың жақсы болып өсуі үшін жан-жақты қадағалап, заман талабына сай тәрбие беру қажет. Ұлттық тәрбиемізді бала бойына сіңіре білуіміз қажет.

Мектеп директоры  С.Стамкулов
Педагог-психолог  М.Тленчиев

